



**Тақырыбы: Экономикалық
жүйе: мәні, элементтері,
даму сипаты.**

Кіріспе

Қоғамдағы экономикалық қатынас – күрделі ұғым. Бір жағынан, олар адамдардың табиғатқа қатынасын, адамның табиғатпен өзара әрекетпен көрсетеді. Бұл қатынас табиғи ресурстарды рационалдық пайдалану бойынша.

Оларды техника-экономикалық қатынас ретінде белгілеуге болады. Басқа жағынан экономикалық қатынас – бұл қатынас өндірістің факторларына меншік ретінде анықталатын (Өндірістік қатынас) адамдар арасындағы қатынас. Бұл әлеуметтік – экономикалық қатынас.

Техника-экономикалық және әлеуметтік экономикалық қатынас экономиканың екі жағынан бірлігін бейнелейді. Бұл бірлік ұйымдастыру – экономикалық қатынаспен бекітілген, яғни барлық экономика мен оның бөлек бөліктерімен ұйымдастыру және басқару жүйесі.

Экономикалық жүйе – бұл қоғамның белгіленген тұтастықты, қоғамның экономикалық құрылымын бейнелеуші өзара байланысты экономикалық элементтер жиынтығы; Өндіріс туралы жинақталатын қатынас бірлігі, бөлу, айырбастау мен тұтыну, экономикалық игілік.

Экономикалық жүйеден тыс сипаттамасы экономикалық заңдылықты жүзеге асырушы экономикалық қатынас пен институтты ұдайы жарыққа шығара алмас еді, экономикалық құбылыстар мен процестердің теориялық мәнін түсіну үйлеспеуі мүмкін.

Экономикалық жүйе

Экономикалық ғылым тарихы көрсеткендей экономикалық жүйе топтастырылуы түрлі белгілер (критерий) негізінде жүргізілуі мүмкін. Бұл көптік негізінде экономикалық жүйе қасиетінің объективті көптүрлілігі жатады. Бұл байланыста қазіргі қоғамды үйренуге экономикалық әдебиетте құралған екі тәсілге көңіл бөлу тұрарлық; бұлар формациялық және өркендетті.

Әрбір елдің экономикалық жүйесі бар. Бұл жүйе бір-біріне тәуелді әр түрлі компоненттерден тұрады.

Экономикалық жүйе — бұл материалдық, рухани игіліктер мен қызметтерді өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы байланыстардың ерекше реттелген жүйесі.

Экономикалық жүйе көп факторлы. Олардың ішінде оның дамуына әсер ететін:

- елдегі шаруашылық шешімдерін қабылдау жөніндегі: шаралар жүйесі;
- меншік құрылымы;
- ақпаратпен және үйлестірумен қамтамасыз ететін механизмдер;
- мақсат қою мен адамдарды еңбекке тарту механизмдері.

Бұл факторлар келесі 3 құрылымға топтастырылады:

Шаруашылық құрылымы — бұл шектеулі ресурстарды қолдануға байланысты материалды-техникалық база элементтерінің өзара әрекеті.

Әкімшілік (ұйымдық) құрылым — лауазымды тұлғалардың шектеулі шаруашылық ресурстарды іске жаратуға байланысты заңды түрде құжатталған құқықтары мен міндеттерінің жиыны.

Ақпараттық құрылым алғашқы екі құрылымның қызметі жайлы алынған мәліметтерді топтастырады және таратады.

Меншік формасына байланысты аталған құрылымдардың жиынтығы әр түрлі сипатқа ие болады: патриархалдық, ұсақ тауарлы, мемлекеттік және т.б. Бір елде бірнеше сипатты бір мезгілде қатар орын алуы мүмкін. Бұл жағдай экономикалық жүйенің өзінің қарама-қарсы және толқынды қозғалысына әкеледі. Осылайша, егер елде мемлекеттік сипат күшейе бастаса, ұлттандыру процесі жүруде деп білеміз. Керісінше, жеке шаруашылықтық сипат алғы кезекке шықса, орталықтандыру орталықсыздандырумен алмастырылады.

Қазіргі заманғы әлем әрқасысы ұзақ тарихи даму процесінің нәтижесінде қалыптасқан сан алуан экономикалық жүйелердің болуымен сипатталады. Оларды қандай да бір критерий негізінде топтастырып, жіктеуге болады. Қоғамның тарихи даму процесін әр экономист өзінше түсінетін болғандықтан, олардың таңдап алған критерийлері де біркелкі емес. Әр түрлі көзқарастар негізінде құрылған экономикалық жүйелерді классификациялаудың кейбіреулерін қар

Адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған адамдардың мақсатты іс-әрекеттері



Экономикалық жүйелерді классификациялау

I. Формациялық көзқарас — Маркстік теорияға тән. Маркс үш мүшелік классификацияны қорытып шығарды.

Алғашқы (архаистік) құрылыс — алғашқы қауымдық және азиаттық өндіріс әдістерінен тұрады. Бұл топтағы көңіл аударатын азиаттық өндіріс әдісі. Оның негізі патриархалдық шаруашылық шегінде қала отырып, рыноктың көмегінсіз, өзін-өзі қамтамасыз етуіне мүмкіндік беретін үй өнеркәсібі мен жерге ұжымдық меншікке негізделген «шығыстық қауым».

Экономикалық оқшауланған қауымдардың күш-қуатын табиғатты ірі көлемде игеру мен қорғаныстың қажеттігі өз қолына әскери және экономикалық билікті біріктіріп ұстаған деспоттық мемлекеттердің туындауына әкелді, яғни олар жерге меншікті тартып алып, рента, қосымша өнімді және т.б. иемденді. Азиаттық өндіріс әдісі көптеген халықтарға болғанмен, ол ұзақ уақыт бойы тек Азия елдерінде сақталынып келді (XX ғ. басына дейін). Оның ұзақ сүруінің себебі — суармалы жер шаруашылығымен айналысатын қауымның сақталуы.

Азиаттық өндіріс әдісінің мәселесі соңғы екі жүз жыл бойы пікірталасты тақырып болып қалуда.

Екінші ірі формацияны Маркс екінші реттік, яғни жеке меншікке (құлдық, басыбайлылық, капитализм) негізделген деп атады.

Үшіншісі — жеке меншікті жоюға негізделген, екі сатылы формация. Маркстің пікірі бойынша, коммунизм дәуірі «оңшыл гуманизм» дәуіріне дейін өсуі керек деп тұжырымдайды.

Өндірістік қатынас жүйесі өзімен бірге саяси, құқықтық, идеологиялық, ұлттық, отбасылық және басқа да қоғамдық қатынастар мен институттарды көрсететін базис қондырмасы ретінде қатысады.

Өндірісті бірліктегі тәсілі мен қондырмасымен өзара әрекеті қоғамдық-экономикалық формацияны құрайды. Адамзат дамуының тарихи жүрісі өзімен бірге қоғамдағы формацияның жүйелі ауысымын көрсетеді: алғашқы-қауым, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік және коммунистік.

Өндіріс әдісі өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар жүйесінің жиынтығы ретінде әрекет етеді. Қатынастар сипаты өндіріс құралдарына меншіктің үстем формасы арқылы анықталады. Әр жүйенің материалдық өндірісінің даму деңгейі тұрақсыздығына көңіл бөлінеді. Бұлар ерте ме, кеш пе әйтеуір өндіріс тиімділігінің деңгейі анағұрлым жоғары болатын келесі жүйеге ауысуы тиіс.

Формациялық теорияның негізгі жағдайлары:

Табиғи-тарихи үрдіс қоғамдық-тарихи формациялардың бірізділікті ауысымы түрінде дамиды;

Материалдық өмірдің рухани өмірді ығыстыруы;

Өндірістік қатынастар қоғамның базисі болып табылады, құрылғы базиске қарағанда туынды сипатқа ие болады;

Класстар қоғамның негізгі бірлігі және тарих субъектісі болып, ал класстар арасындағы күрес – класстардың өзара әрекеттесуінің басты формасы болып табылады.

Формациялық теория негізгі іс жүзіндегі философиялық түсінудің үлкен салымы болып табылды. Соның көмегімен адамзат тарихы оқиғаның аралас жиынтығы ретінде емес, оның ішкі даму заңдарымен қисынды жүйесі түрінде алдымызда жатыр. Сонымен бірге бұл теория кемшіліктер ретінің күшіне қоғамдық дамудың жан-жақты теориясы ретінде танысуы мүмкін.

Бұл, өзінің дамуында барлық жақтар мен халықтардың міндетті түрде бес арқылы формациядан өтуі туралы бекітуге қатысты, сондай-ақ өндіріс құралдарының меншік иесі мен меншіктік емес қатынастың арасында антогонистикалық сипаттамаға шектен тыс акцентіне қатысты.

Формациялық әдіс тарихи дамудың түсінігін жеңілдікке және бұзылған ұғымға апарды, оны төменнен жоғарғы саты бойынша қоғамның өтуін бір мәнді түрде көрсетеді. Әр қоғамдық-экономикалық формациялық болып өткенімен салыстырғанда сапалы дамудың жоғарылау сатысына ұсынылады. Сондықтан К. Маркстің коммунистік формациясы қоғам дамуының жоғарғы сатысы өркениеттік әдіс өндірістік-экономикалық факторлармен емес, барлық материалдық және рухани мәдениет элементтерінің жиынтығымен қоғамдық дамудың түрлі кезеңдердің бөлінуін басшылыққа алады. Сондықтан ол үшін қоғамдық байлық емес, адам дамуының акцентіне тән.

II. Өркениеттік көзқарас әлемдік тарихты біртіндеп Өркениеті ауысып отыратын біртұтас планетарлық тарих ретінде зерттеуді ұсынады. «Өркениет» сөзі латынның «цивилис» азаматтық, қоғамдық сөзінен шыққан. Бұл термин мәдениеттің дәрежесі мен деңгейін бағалау үшін қолданылады (мысалы, антикалық, азиаттық, европалық).

Бұл көзқарас адамзат тарихының негізгі мәселелерінің өзара байланысы мен тәуелділігін күшейту және жалпы адамзаттық құндылықтардың таптық, ұлттық құндылықтар алдында басымдылығын ұғыну мақсатында қалыптасты.

Бұл теория өз дамуының бастапқы сатысында тұр. Оның басты мәселесі жүйені құрушы белгілерді іздеу. Кейбір авторлар осындай белгілер ретінде еңбек өнімділігін жаңа сатыға көтеретін Өркениет төңкерістерін қарастыруды ұсынады.

Алғашқы Өркениет төңкерісі ауыл шаруашылықтық болды (шамамен 6-8 мың жылдар бұрын). Келесісі — өнеркәсіп төңкерісі (300 жыл бұрынғы). Қазіргі төңкеріс ғылыми-техникалық болып табылады (XX ғасырдың орта шені). Ол халықты адамның қажеттіліктерін өтеу сферасына (сауда, қызметтер, көлік білім, ғылым, мәдениет, басқару және т.б.) бейімдейді.

Кейбір экономистер жеті Өркениетті бөліп қарастырады: неолиттік (тас ғасыры) — 30-35 ғасырлық; шығыстық — құл иеленушілік (қола ғасыры) — 20-23 ғасырлық; антикалық 12-13 ғасырлық (темір ғасыры); ерте феодалдық — 7 ғасырға созылған; бастапқы индустриалдық — 4,5 ғасырлық; индустриалдық — 2-3 ғасыр; кейінгі индустриалдық, немесе информациялық қоғам (қазіргі дәуір). Өркениеттік көзқарас таптық шарттамалардан аулақ болғандықтан қазіргі кезде басқаларға қарағанда кеңінен таралған, оның артықшылығының өзі осыдан көрінеді. Сонымен қатар, Өркениеттік көзқарасқа сүйене отырып, әр түрлі елдер мен аймақтардың даму ерекшелігін, оларды өзіндік ерекшеліктерінен айыра отырып, бір жалпы схемаға сыйғызуға тырысады; Өркениет көзқарасының қауіптілігінің өзі осыдан көрінеді.

Адамзат қоғам дамуының тарихы бір ізді тарихи саты емес, қоғамның белгілі бір жағдайының кезеңі бөлінеді. Өркениеттік әдіс тарихи үрдістің үзілмейтіндігін көрсетеді, оның қозғалысы өзара байланысты және сабақтастығында, рухани және материалдық құндылықтың қалыптасуын білдіреді, олардың дамуын қоғам дамуында көрсетеді. Тарихтың кезеңдеуінің Өркениеттік әдіс шотландық философ Адам Фергюсонмен (1723-1816) алғаш рет дайындалды. 1768 жылы шыққан «Адамзаттың қоғам тарихының тәжірибесі» деген кітабында ол адамзаттың тарихын үш кезеңге: жабайылық, тағылық және Өркениеттілік деп бөлді. А.Фергюсон ұсынған кезеңдену негізінде материалистік белгілер жатты: шаруашылық қызмет пен меншіктік түрдің дамуы. А. Фергюсон жабайылықты жеке меншіктің әдеттегідей жоқ кезеңі ретінде аңшылық-шаруашылық кезеңі ретінде сипаттады; тағылықты – жеке меншіктің пайда болуының мал шаруашылығы, яғни әлі заңмен бекітілмеген ретінде; Өркениетті – жеке меншіктің үстемшілігімен егін шаруашылық кезеңі ретінде сипаттады.

Бұл бөліністі Льюис Генри Морган (1818-1881) өзінің жұмысында пайдаланылды, бірақ әр кезеңді сатыға (төмен, орта және жоғары) бөліп нақтылай түсті және алғашқы қауымның даму белгілерін айқындады. Льюис Генри Морган топтастыруында жүйелі этникалық кезеңдер басым белгілейтін прогрес көрсеткіші ретінде мәдениеттің бөлек материалдық және рухани пайда болуы алынды (отты пайдалануды үйрену, жебе мен садақты ойлап табу, қыша өндірісін енгізу және т.б.).

Қазіргі әдіс-тәсіл Өркениетті ішкі (экономикалық) және сыртқы (экономикалық емес) факторлар бірлігінің тарихи туындаушы қоғам өмірінің пайда болудың өзіндік тәсілімен сипатталатын қоғамдық жүйе ретінде қарастырады. Экономикалық емес факторлар болып әлеуметтік мәдени (ұлттық, діни, этникалық және т.б.), әлеуметтік-саяси, сондай-ақ табиғи-климаттық географиялық және басқа факторлар қатысуы мүмкін.

Қоғам сатылары

Белгілері	Индустриалдық (дәстүрлі) қоғам	Индустриалдық (экономикалық) қоғам	Индустриалдықтан кейінгі (экономикалықтан кейінгі)
Өндіріс қор-н типі	Еңбектің қол құралы	Машина	Информатика
Жетекші сектор	Ауыл шаруа-ғы	Индустрия	Ғылым
Детерминация типі	Еңбекке сыртқы экон-қ еріксіз тарту, дәстүрлер	Материалдық (ақшалай) стимул	Шығармашылық
“Қоғамдық адал” типі	Дәстүрлі “патриархаттық адам”	“Экономикалық адам”	Әлеуметтік- шығармашылық “Әлеуметтік адам”

III. Қоғамның индустриалдық даму деңгейінің критерийлерін қолданатын басқа жіктеуге сәйкес 3 экономикалық жүйелер бөліп қарастырылады: индустриалдық, кейінгі индустриалдық және жаңа индустриалдық. Соңғысының «ақпараттық қоғам» дейтін тағы бір атауы бар.

IV. Негізінде өндіріс құралдарына меншік формасы мен шаруашылық қызметін басқару әдісі сынды екі критерий жатқан тағы бір жіктеулер бар. Бұл екі белгінің негізінде әкімшіл, рыноктық және аралас экономика деп бөліну жүреді.

Дәстүрлі экономика – бұл ежелгі, көне замандағы экономика. Ол дәстүрге негізделеді. Еңбек сипаттары, қарапайым, қол еңбегі. Қажеттіліктер – қарапайым. Қазақстанда ауыл және мал шаруашылығы – дәстүрлі.

Әкімшіл-әміршіл экономика классикалық саяси-экономикалық еңбекқұн теориясына негізделген. Карл Маркс пен Фридрих Энгельс негізгі — мемлекет меншігі, себебі бәрі мемлекет қолында. Сол себептен сол кезде қоғам дамуы бюрократия, монополия (бір сатушы) қолында болады. Мемлекеттендіру жоғары қарқынмен жүргізілді.

Нарықтық экономика – экономикалық, адамның еркіндігі әркім өзі, жекеменшік қатынастары табысқа, пайдаға ие болу. Бәсекелік орын алды.

Экономикалық жүйе типтері:

а) дәстүрлі экономика тұйық, оқшау шаруашылыққа негізделеді. Ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған дәстүр мен салт, қандай тауарды қалай, кім үшін өндіру арқылы анықтады. Экономиканың осы түрі бұрынғы заманға қарағанда, Азия, Латын Америкасы мен Африка елдерінде қазір өте сирек кездеседі.

ә) еркін бәсекелестік нарықтық экономика ресурстарға жеке меншіктік және тауар өндірушінің еркін бәсекелік механизмімен сипатталады. «Тұлға өзінің барлық материалдық және рухани мүмкіндіктерін өз пайдалылығы үшін қолдануға тырысады. Ол күнделікті өмірде қоғам үшін пайда келтіруді ойламайды. Адам тек өзінің мүддесін көздейді, бірақ бұл жағдайда көптеген басқа кездегідей, ол көрінбейтін қолмен, мақсатқа қарай бағыттайды және оның ойында бұл болғандай емес. Өзінің ойлаған мүддесін тіпті саналы түрде көздегенмен де, ол қоғам мүддесіне батымды-ақ жиі қызмет жасайды».

Мұндай экономика ең идеалды экономика ретінде қарастырылады. Еркін (либералды) нарықтық экономиканың негізін қалаушы А. Смит болды. Ол нарықтық экономикаға барынша еркіндік беру қажет деп есептеді. Алайда еркін нарықтық экономиканың нақты қызмет атқаруы көрсеткеніндей, оның бөлінбес серігі — артық өндіру экономикалық дағдарысының үнемі туындауы болып келеді. Экономикалық дағдарыстар тарихын зерттеуі көрсеткендей, олар 1825 жылдан бастап үнемі әрбір 8-10 жылда қайталанып отырады. Дағдарыс кезінде саудада тоқырау басталады, нарыққа өтпейтін өнімдер мөлшері толып кетеді, қолма-қол акшалар айналымнан жойылады, зауыт пен фабрикалар тоқтатылады және жұмысшылар жұмыссыз қалады. Тоқырау жылдарға созылады және экономика бүлінеді.

б) әкімшілдік-әміршілдік экономика. Нарықтық экономикадағы еркін бәсеке және оны тереңірек талдау құбылысы әкімшілік-әміршілдік экономика теориясының пайда болуына ықпал етеді. Әміршілдік экономика теориясының ұраны: «Қазіргі өндіргіш күштермен олардың ұғыну бейнесінде, тіпті табиғатымен қарау байқалады. Өндірістегі қоғамдық анархия өндірісті қоғамдық-жоспарлы реттеумен алмастырылады».

Әкімшілдік-әміршілдік экономиканың нарықтық экономикаға қарағанда артықшылығы мынада: ол ашық түрде жұмыссыздықты, өндірістің тым құлдырауын болдырмайды. Ал қиын шешуші кезеңде елдің материалдық, еңбектік және ақша қорларын ірі халық шаруашылығының міндеттері мен бағдарламасын жүзеге асыруға шоғырландырады және жұмылдырады. Сондықтанда жоспарлау жүйесін қоғамдық меншікке негізделген социалистік елдер ғана емес, жеке меншікке негізделген кейбір капиталистік елдерде қолданады. Айталық, екінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде бұл гитлерлік Германияда байқалды. Экономиканың ауқымды салалары мен барлық салалары орталық жоспарлау және соғыс ұйымдарының тікелей бақылауында болды. Осы кезеңдерде Англия мен АҚШ-да дәл солай жүзеге асты.

Әміршілдік-әкімшілдік экономиканың олқылықтары мынадан байқалады.

Біріншіден, барлық шаруашылық сауалдарын көп сатылы бюрократтық инстанциясы арқылы шешу қажет болды. Олардың келісімін алуға көп уақыттың кетуі — барынша кедергі болып табылады. Мұндағы басты мақсат — жаңа өнімді шығару қажеттілігі, жаңа техника мен технологияны ендіру болмақ. Ал келісімге кеткен уақыт бұған кедергі жасайды.

Екіншіден, кәсіпорын жоспарының орындалуы туралы тұтынушы алдында емес, жоғары жақтағы орталық ұйымдар алдында есеп береді. Кәсіпорын есебі бұрыстау, боямалы ақпараттан құрылады. Сондықтанда орталық ұйымдар экономика және тұтынушылардың қажеттілігі туралы көбіне нақты көзқараста бола алмайды.

в) Қазіргі нарықты экономика аралас экономика ретінде болуда.

Аралас нарықтық экономика дегеніміз не? Американ экономисі Пол Самуэльсон былай деген: «Аралас экономика экономикалық өмірдің нашарлауын жалпы сауықтырудың нақтыланған алып жүйесі болып табылады», Әрі қарай ол: «Аралас экономика — бұл нарықпен, бұйрық, дәстүр элементтерімен бірге болатын экономика» — дейді.

Аралас нарықтық экономика теориясының түп тұлғасы болып «конвергенция» теориясы (авторы — Нидерланд экономикалық мектебінің профессор-экономисі Ян Тинберген) және «жаңа индустриалды қоғам» теориясы (авторы — Гарвард институтының профессор-экономисі Джон Кеннет Гэлбрейт) жатады. Дж.Гэлбрейт «жаңа индустриалды қоғамды» аралас экономиканың ерекше бір типі ретінде қарастырып оның нарықты және жоспарлы жүйеден тұратынын айтқан.

Аралас экономикада «нарықтық механизм баға мен көптеген саладағы өндірісті анықтайды, олай болса, мемлекет нарықты салық салу, шығынмен реттеп отырады» — деп жазған болатын Пол Самуэльсон.

Әлеуметтік аралас нарықтық экономика теориясының негізін қалаушы герман экономисі, Фрайбург университетінің профессоры Вальтер Ойкен (1891-1950 жж.) болып табылады. Оның тұжырымдамасының құрамдас бөлігі: әлеуметтік қорғаудың толығырақ жүйесін мүмкіндігі келгенше нарықтық экономикаға қол жеткізу негізінде жасау болмақ. Бұл тұжырымдаманың ұраны мынау: «... адамды экономикалық, саясатқа емес, экономикалық саясатты адамға бейімдеу».

Аралас әлеуметтік бағытталған экономикалық саясатқа емес экономикаға мысал ретінде «швед моделі» жатады. Мұнда барлық негізгі қордың 4%-ы мемлекеттің қолдануында болады, ал барлық мемлекеттік шығындардың жартысы әлеуметтік мақсатқа бағытталады.

Іргелі әлеуметтендіру қорытындысы мынада: «Өндірістің қызметі көбінесе жеке кәсіпорынға жүктеледі, себебі бәсекелестік негізде іс-әрекет жасайды. Ал, жоғарғы деңгейде өмір сүру қызметін қамтамасыз ету (барлық әлеуметтік инфрақұрылымның, оның ішінде мынадай саланы — жұмыссыздық, әлеуметтік сақтандыру, білім, көлік, байланыс, ғылымды қосқанда) мемлекетке жүктеледі».

Экономикалық жүйенің жалпы кезеңдері

Өндірістік күштер

Табиғи (табиғи ресурстар, физ. мүмкіндік және т.б.)

Қоғамдық (өндіріс қаражаты, еңбекті бөлу және т.б.)

Жалпыға ортақ (ғылыми, білімі мәдениет және т.б.)

Өндірістік қатынастар

Әлеуметтік-экономикалық (меншіктік қатынасы және кірістерді бөлу)

Ұйымдастырушылық-экономикалық (тәжірибе алмасу, маркетинг, менеджмент және т.б.)

Техника-экономиканың (табиғатқа адамның қатынасы)

Ресурстар

Еңбекті қоғамдық бөлу

Еңбек процесі және оның сәті

Өндірістің еңбектік, табиғи қорлар, ақпараттық және т.б.

Өнімдерді дайындауда өндірісті мамандандыру

Еңбек мәні, еңбек қоры, еңбек

Өндірістік мүмкіндіктер

Нәтижелер

Тиімділігі

Шектеулі ресурстар таңдауы

Материалдық – заттың өнім және қызметтер

Нәтижелер мен шығындар қатынасы

Экономикалық жүйенің элементтері

Әр экономикалық жүйеде өзіне тән өндірістік қатынастар мен өндірістік күштері болады. Өндірістік қатынастар ұдайы өндірістің ($ҰӨ$) әр сатысына тән қалыптасады.

$ҰӨ = \Theta + Б + ҚБ + Т$ (Ұдайы өндіріс = Өндіріс + Бөлу + Қайта бөлу + Тұтыну)

$ӨК = ЖК + \Theta Қ$ (Өндіріс күштері = Жұмыс күші + Өндіріс құралдары)

Экономикалық жүйедегі меншік қатынастарының орны

Меншік қатынастары әр экономикалық жүйедегі қатынастардың ішінде ең негізгі болып жүйенің қатынастарының мінездемелерін анықтайды. Меншік дегеніміз – құрал-жабдықтарды және солардың көмегімен өндірілген өнім нәтижелерін иемдену және пайдалану туралы экономикалық-қоғамдық қатынастар. Меншікті екі жағынан сипаттауға болады – экономикалық және құқықтық жағынан. Экономикалық жағынан, меншік ол — зат емес, ол – қоғамның сый-сыяпатын білдіретін қоғамдық қатынастар. Ал құқықтық жағынан, меншік дегеніміз – зат, затқа деген адамның қатынасы.

Меншік құқығының экономикалық теориясының алғашқы өкілдері ол – Нобель лауреат сыйлығына ие болған американдық Чикаго университетінің профессоры Рональд Коуз және Лос-Анджелес университетінің профессоры Алчеар. Бұлар тек меншік ұғымын пайдаланбай, меншік құқығы дегенді енгізді. Ресурстар өз басына меншік емес. Бұларды иемдену және пайдалану – “меншік шоғыры”.

Қорытынды:

Қазақстан Республикасы қалыптасуы мен дамуының стратегиялық мақсаты аралас әлеуметтік бағытталған нарықтық экономика болып табылады. Ол бәсекелестік бастауға, меншіктің негізгі түрлерін араластыра — өзара іс-әрекетке негізделеді. Олардың әрқайсысы жалпы экономикалық және әлеуметтік өзара байланыс жүйесінде өз қызметтерін атқарады.


Қандайда бір экономикалық жүйедегі әртүрлі меншік түрлерінің арақатынасы қандай болуы керек? XIX-шы ғасырдың екінші жартысына дейін өмір сүрген еркін нарықтық экономика дәуірінде (монополистік капитализмге дейінгі жүйе), ұсақ жеке меншік артығырақ сипатқа ие болады. Ұсақ кәсіпкерлер өзара еркін бәсекелесті. Бұл еркін бәсеке дәуірі еді. XIX-шы ғасырдың екінші жартысынан бастап ҒТР-ның әсерінен акционерлік (корпоративтік) қоғам түрі қалыптаса бастады. Ал, XX-шы ғасырдың басынан мемлекеттік меншік үлесі кәдімгідей өсе бастады.

Қазіргі уақытта жетілмеген (еркін емес) бәсеке жағдайында, нарықты реттеу дәуірінде меншік түрлерінің құрылымы кәдімгідей өзгерді: жеке меншік 30-35% көлемін, корпоративті (ұжымдық) меншік көптеген бөлігін, яғни 50%-ын және мемлекеттік меншік 15-20%-ды құрайды.

Мемлекеттік меншіктің үлесі көбінесе елдің экономикалық даму ерекшелігімен анықталады.

Пайдаланылган Әдебиеттер:

1. Энгельс Ф. «Анти-Дюринг» — IY1.; 1973, 254 бет.
2. Эклунд К. «Эффективная экономика. Шведская модель». — М: Экономика, 1973. 254 бет.
3. Брагинский СВ., Певзнер Я.А. Политическая экономия: дискуссионные проблемы, пути обновления — М. Мысль, 1991, 258 бет.



Дайында ан:

*ПСМ-411 тобының
2-курс студенті
Разуева Дария
Турсынахунқызы*

